

*Е. М. Баймуханов, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының доценті, саяси ғылымдардың кандидаты, полиция майоры (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы);*  
*А. М. Баймуханова, философия және психология кафедрасының оқытушысы (Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)*

### **ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ (АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ, ШОҚАН УӘЛИХАНОВ, ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН)**

Қазақ халқының өз заманының ойшылдары дүниенің, болмыстың, әмірдің, адамның жай-күйін жете түсінуге ұмтылған. Нақты әмірден бастау алатын қазақтың философиялық көз-қарастары қоғам мен табиғат туралы пікірлерге толы. Міне, осы қоғамдық қатынастар тура-сындағы кейбір тұжырымдамалар кеңес берушілік сипатқа ие. Ал кеңес берудің астарында саяси консалтинг технологияларын қолдану элементтері жатыр. Жалпы консалтинг (ағыл. consulting) ұғымының аудармасы кеңес беру дегенді білдіреді. Бұл кез келген құбылыстың ұйымдастырушылық дамуы мен басқару салаларының күрделі мәселелерін шешуге бағытталған интеллектуалды шара.

Аталмыш шараның түп қазығы тереңде жатыр. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, ең алғашқы кеңесші қызметін өз шығармалары арқылы танымал Қытай философы Конфуций атқарған. Ежелгі дүниедегі саяси кеңес беруде философтар, шешендер мен абыздардың рәлі ерекше болды.

Феодалдық қоғамдағы әдет-ғұрып, мінез-құлық мәселелерін кәтереді. Әзінің ақындық күшін туыстас руларды бір орталықты, қуатты мемлекет етіп ұйыстыру жолына арнайды. Біздің заманымызға жеткен толғауларынан Асанның қилы кезең табиғатын жыға танығаны, тіпті Алтын Орданың орнында пайда болған хандықтардың бәрінің құрып бітетініне дейін болжай алғаны кәрінеді. Міне, осы ойларға сүйене отырып, қазақ халқының философиялық көзқарастарының қалыптасуының алғашқыларының қатарындағы Қорқыт ата мен Асан қайғы, ағартушы-классиктер Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсыновтың еңбектеріндегі тұжырымдар мен Бұқар жыраудың жырларындағы үгіт-насихаттық ойларына сараптама жасауды ниет еттік. Қорқыт ата — қазақ ойшылы, исі түркіге ортақ дана2.

Қазақ ойшылы, этнографы, тарихшысы, географы, ғұлама ғалымы және ағартушысы Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектері мен қоғамдық көзқарастары бүгінгі күнге дейін өз қандылығын жоғалтпайды. Оның «Абылай», «Шаман дінінің қазақ арасындағы қалдықтары», «Сібір қарамағындағы қазақтардың сот реформасы туралы записка», «Жоңғария очерктері» атты мақалалары халқымыздың қалыптасуы мен дамуы туралы баяндайды.

Мәселен, «Абылай» мақаласында Шоқан даңқты ханның әмір жолына шолу жасайды. Сол заманның қазақтар үшін ерлік дәуірі екендігін айқындайды. Ханның кәптеген басшылық сынынан әтіп, жау қолында тұтқында болған кезеңдері туралы айтады. Оның түбі терең болжағыш саясаткер екені анықталады. «Шаман дінінің қазақ арасындағы қалдықтары» атты мақалада ғалым қазақ халқында шамандықтың қалдықтары туралы да ғылыми тұжырымдар келтіреді. Халқымыздың ислам дінін ұстанатынын, оның ішінде шаман ғұрыптары мен ырымдарын тұтынуы анықталады. Сонымен қатар, әлген ата-баба рухтары, аруақтар, немесе оргондар, шамандардың емдеу тәсілдері мен табыну нысандары, садақаға сойылатын малдар, қазақтардың космологиялық ұғымдары, жаратылыстағы киелі күштер туралы сөз етеді. Осы мақаласында Шоқан «Әлі мен тірі туралы және олардың достығы туралы ертегі» ұсынады. Әлі жігіт пен тірі жігіт арасындағы достықтың мәнін айқындайды. «Балам, есінде болсын, елсіз жерде кездессең... моланы құр қалдырма, егер оған түнде кездессең түнемей әтпе», — деген сөздері дәстүрді ұстану мен өзгенің кеңесін тындау, жігіттің жолбарыстарға ұмтылуы батырлықтың қажеттілігін дәріптейді4.

Шоқанның «Жоңғария очерктерінде» Жоңғар тауларының табиғи ерекшеліктері, жануарлары, бұл елдің ертеден қалған ескерткіштері және бұл елдің тұрған халықтары туралы айтып өтеді. Кәшпелі тұрмыс үстем болған Жоңғарияда отырықшылықтың да болғаны туралы Чига қаласындағы алғашқы тарихи мәліметті пайдаланады. Сонымен бірге, сол тәңіректегі діни бірлестіктер жайында да материалдар келтіреді5.

Қоғамдық дамудың негізгі құндылықтарын олардың бұлай бағалауы кедейлердің ой-пікіріне ықпал етіп, білім, ғылым, ақылды керек етпейтіндігіне кәңілі толмайды. Десек те, бүгін-гі күнде халықтың санасында мұндай кезқарастардың қалып қойғандығы жасырын емес. Абайдың ақылды кісі мен ақылсыз кісінің парқын айқындауы (он бесінші қара сөз), қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің әнерлерін айтысып, таласып ғылымға жүгінуі (он жетінші қара сөз) секілді ойлары ақылдылық пен ғылымның жоғарылығын дәлелдейді. Ғылымның қоршаған әлемді объективті бағыттарын жүйелендіретін адамзаттың ерекше дүниетанымдық қызметі екендігін кәрсетеді. Бұл қызметтің негізі болып мәліметтерді жинау, оларды жүйелендіру, жаңа ілімді сараптау мен синтездеуде жатыр. Ғылым бақыланатын табиғи немесе қоғамдық құбылыстарды суреттеп қана қоймай, болжамдар жасауға септігін тигізеді. Сондықтан Абай шығармашылығынан болжам жасау үлгісін байқаймыз. Кәрнекті қазақ ақыны, ағартушы-демократы, әдебиет зерттеушісі, аудармашы, қазақ эстетикасының негізін қалаушы Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми және ақындық мұрасы ұлт игілігіне қызмет етіп келеді. Ақын шығармашылығынан да біз насихаттық сипатқа ие ұрандарға кездесеміз. Себебі, А. Байтұрсынұлы айтқандай: «Халық тұр Құдайдан соң саған сеніп», «Жігіттер біле білсең анаң — халық, Келіңіз ана сүтін адалдалық», — деп басталатын «Азаматқа» деген әлеңі ақынның замандастарына — Алаш зиялыларына тастаған ұраны іспеттес. «Жүргенің хан ұлындай халық арқасы. Мінезді қадір білмес қолданбалық» деуі бүгінгіге қажет ой: қалың қазақ қолдамаған ер хан ұлындай әзін сезінуі мүмкін бе?! Мұсылман ғалым Ахмет Байтұрсынов бәрін Алланың күзіретіне телиді: «Түгел бір әзіңе иа Алла, Аша гәр бұл халықтың сен бір бағын», — деп жырлайды. Бірақ, елдің бірігуінсіз еш нәрсе бітпейтінін де айқындап береді: «Жігіттер, жалғыз-жалғыз аттанбалық, Біздерді халық байғұс кәзім деді, Халықтың кел шығалық үмітінен» деп бірігіп, тірлік жасауды насихаттайды. Сонымен қатар, ақын бір сөзінде: «Біздің мұнан соңғы айтатынымыз: қазақтың бас адамдары! Әуелі, Сіздер адаспаңыздар, адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақты іс етіндер. Екінші, қазақтың байлары, күштілері! Жарлы-жақыбай, нашарларыңды жермен теңгеріндер. Бір асауға да болса құлдық дейтіндер кәбінесе солардан болады. Үшінші, Алашқа аты шыққан адамдар! Кәсемдіктеріңді адаспай, түзу істендер. Сендер адассаңдар, арттарыңнан ерген Алаш адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына Сіздер қаласыздар», — деп ұлт жақсыларына ерен жауапкершілік жүктеп, жұрт жұмысын адал атқаруға үндейді.

Әз заманының үздік үгітшісі Бұқар жырау қалың қазақтың рухани талабына қызмет етті. Ол үгіттеу жолында адалдыққа, адамгершілікке, ерлікке, бірлікке шақырып, күнделікті әмір-дің мерейлі де шуақты қағидаларын уағыздады. Сонымен бірге, қазіргі тілмен айтсақ ол Абылай ханның саяси имиджін қалыптастырумен қатар, оның өткен әмірі жайлы жырлады. Оны төмендегі әлең жолдарынан байқаймыз: Әй, Абылай, сен он бір жасында, Әншейін-ақ ұл едің. Он бес жасқа келгенде, Арқада Әбілмәмбет тәренің Түйесін баққан құл едің. Абылай атың жоқ еді, Сабалақ атпен жүр едің... Тағы бір жырында Бұқар жырау бейбітшілікті үн-дейді: Абылай ханның қасында Бұқарекен жырлайды. Жырлағанда не дейді? Соғыспа деп жырлайды... Жалпы қазақ жыраулары хан ордаларында жүріп, мемлекет басқару ісіне тығыз араласқан, хандар мен батырларға, бүкіл халыққа ақыл-әсиет айтқан, болашақты болжап, істің жәнін нұсқап жүрген дуалы ауыз, ақылгәй кеңесшілері, хандар мен ерлікпен аты шыққан батырлардың, қолбасшылардың ерліктерін мадақ етіп жыр айтқан.

Сондықтан қазақтың барша ғұлама ғалымдарының пікірлері бүгінгі күнде де құндылықтары мен әзектілігін жоймайтындығы анық.

1 Ыбырай Алтынсарин тағылымы / Құраст. М. Жармұхамедов. — Алматы, 2011.

2 Шоқан Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары. — Алматы, 2012.

3 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: II том. — Алматы, 2005.

4 Нұрпейісов К. Алаш хәм Алашорда. — Алматы, 1995.

5 Әскембаев Қ. С., Мусина А. Н. Қазақстан тарихы. — Алматы, 2011.

6 Қозыбаев М. Қазақстан тарихы. — Алматы, 1997.